

2021 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 18/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 6251 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

2021 жылғы "___" _____

Қарағанды облысы әкімдігінің
2021 жылғы 15 наурыздағы
№ 18/03 қаулысына
қосымша

2021 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қарағанды облысының әкімдігінің 02.12.2021 № 85/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Субсидиялар көлемдері, мың теңге			
	бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	бірінші репродукция тұқымдары	бірінші ұрпақ будандары тұқымдары
1	2	3	4	5

1	1 155	427 078	282 669	15 200
Барлығы	726 102			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК